

Каспий теңізінің қазақстан секторындағы көмірсутегі кен орындарын геологиялық зерделеу және игеру үшін блоктардың берілуі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1050а
Үкіметтің 1993 жылғы 3 желтоқсандағы "Қазақстанкаспийшельф"

Консорциумы туралы Келісімде көзделген Каспий теңізінің Қазақстан секторының шегіндегі кешенді зерттеулердің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстанкаспийшельф" Консорциумының шетелдік қатысушыларына өздерінің бірлесіп таңдаған 12 (он екі) блок бойынша барлау және игеруге К-ҮІ-11; К-ҮІ-12; К-ҮІІ-9; К-ҮІІ-10; К-15-а + К-ҮІ-16-а; К-ҮІІ-5-б + К-ҮІІ-6-б қосымша трапецияларды қоса К-ҮІІ-11а + К-ҮІІ-12а; К-ҮІІ-12-б + К-ҮІІ-16-а қосымша трапецияларды қоса К-Х-4-б + К-Х-8-а; К-ХІ-5-а + К-ХІ-6-а; К-ХІ-1; К-ХІ-2 бекітілген блок карталарына сәйкес Каспий теңізінің қазақстан секторының шегіндегі жер қойнауын пайдалану құқығына лицензия берілсін.

2.

<*>

3.

<*>

Ескерту. 2,3-тармақтар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.06.13. N
637а қаулысымен.

P02637a_

4. "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясы берген 1993 жылғы 31 желтоқсандағы N 1 бас лицензия және 1995 жылғы 7 сәуірдегі МГ N 89 (мұнай) лицензия қайтып алынсын.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі шетелдік қатысушыларға және "Қазақстанкаспийшельф" акционерлік қоғамына осы қаулының 1-тармағына сәйкес қолданылып жүрген заңдарға орай Қазақстан

Республикасы Үкіметінің бекітуі үшін барлау және игеру мақсатында жер қойнауын пайдалануға лицензиялар дайындасын. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.06.13. N 637а қаулысымен. P02637a_

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігіне, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясына қайтарусыз негізде жоғарыда аталған барлау және игеру блоктарына байланысты деректерді жариялауға тыйым салынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК